

# Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті  
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 13 (924) 24 наурыз 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany




http://tainshatany.kz



tainsha\_tan@list.ru

◆ САЙЛАУ-2023

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауының алдын ала қорытындысы жарияланды. Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров тізімдерге енгізілген азаматтардың жалпы санының 54,19 пайызы бюллетень алғанын хабарлады.**

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Астананың аумақтық сайлау комиссиялары ұсынған деректерге сәйкес, сайлаушылардың Абай облысы бойынша – 57,2 пайызы, Ақмола облысы бойынша – 60, Ақтөбе облысы бойынша – 58, Алматы облысы бойынша – 60,3, Атырау облысы бойынша – 51,23, Батыс Қазақстан облысы бойынша – 59,20, Жамбыл облысы бойынша – 65,21, Жетісу облысы бойынша – 55,32, Қарағанды облысы бойынша – 59,48, Қостанай облысы бойынша – 65,10, Қызылорда облысы бойынша – 67,21, Маңғыстау облысы бойынша – 54,10, Павлодар облысы бойынша – 58,68, Солтүстік Қазақстан облысы бойынша – 65,25, Түркістан облысы бойынша – 53,1, Ұлытау облысы бойынша – 58,99, Шығыс Қазақстан облысы бойынша – 64,15, Астана қаласы бойынша – 42,91, Алматы қаласы бойынша – 25,82, Шымкент қаласы бойынша – 45,46 пайызы дауыс берген. “Аумақтық комиссиялардың ақпаратына сәйкес, астана уақытымен сағат 22:00-де тізімдерге енгізілген 12 млн. 35 578 азаматтың 6 млн. 521 860-ы бюллетень алды”, – деді Константин Петров. “Qazaqstan” телеарнасы өткізіп жатқан онлайн телемарафонда кезектен тыс Мәжіліс сайлауының алғашқы Exit roll нәтижесі жарияланды. “Еуразиялық интеграция институты” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізген Exit roll нәтижесіне сүйенсек, “Amanat” партиясы – 53,46 пайыз, “Ауыл” халықтық-демократиялық партиясы – 10,52, “Respublica” партиясы – 8,9, Қазақстан халық партиясы – 6,25, “Байтақ” жасылдар партиясы – 3,22, “Ақ жол” Қазақстан демократиялық партиясы – 7,87, Жалпыұлттық социал-демократиялық партия – 5,31 пайыз дауыс жинаған. Қалған 4,47 пайыз респондент “бәріне қарсымын” бағанын таңдаған. Сауалнамаға 230 мың сайлаушы қатысқан. Еуразиялық интеграция институты Қазақстанның 17 облысында, Астана, Алматы, Шымкент қалаларында сайлау учаскелерінен шыға берісте азаматтарға сауалнама жүргізді. Институт өкілі Айгерім Ергенболатқызы сауалнама 200 сайлау учаскесін қамтығанын айтты. Олардың 124-і қалаларда, 76-сы ауылдарда орналасқан. Сауалнамаға барлығы 230 мың сайлаушы қатысыпты. Зерттеу нәтижелерінің қателігі 1 пайыздан аспайды, – дейді институт өкілі.


«Қазақпарат» агенттігі материалдары негізінде әзірленді.

## ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖАҢА ЖЫЛЫ

Егемендік алғаннан бері көптеген көне дүниелеріміз өмірге қайта оралып, ел игілігіне ене бастады. Осы тұрғыдан айтсақ, Наурыз мейрамы да көп зерттеліп, зерделеніп, жаңарып отыр. Жаңару демекші, Наурыз сөзінің өзі сол жаңаруды, жаңа күнді білдірсе керек. Бұл мейрам – тарихтағы ең көне мерекелердің бірі. Орта Азия елдерінде оның тарихы 5-5,5 мың жылды құрайды деген деректер бар. “Наурыз” парсыша “Жаңа күн” дегенді білдіреді. Ислам діні тарағанша шығыс, Орталық Азия елдерінің басты мерекесі болған. Қазіргі ғылымда болсын, ертедегі ғылыми трактаттарда да айтылғандай, Наурыз – көктемгі күн мен түннің теңелетін күні.

Ал қазақ қоғамында Ұлыс күні жыл басы саналған. Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киген. Ауылдың ер адамдары бір-бірімен қос қолдасып амандасып, төс қағыстырады, әйелдер құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады. Бірін-бірі мерекеге арнап дайындалған наурызкөже ішуге шақырады. Оған қойдың басы мен сүр ет салып пісірілуі – қыс тағамымен (етпен) қоштасуды, құрамына ақтың қосылуы – жаз тағамымен (сүт, ақ) қауышуды білдіреді. Әдетте, осы күні адамдар арам пиғыл, пендешілік атаулыдан тазарып, ар-ожданы алдында арылады. Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстырған. Наурыз мерекесі негізінен 13 күн тойланған. Алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылады. Ата-бабаларымыз Наурыз мейрамында ақ киімдерін киіп, шаштарын қырып алып тастайтын. Бұл күні Оңтүстіктегі тұрғындар бұлақ бастау, су қоймасы мен құдықтардың көзін ашып, тазартады. Сондай-ақ, мейрамда үйде міндетті түрде қымыз, шұбат, сүзбе секілді сүт тағамдары, яғни ақ болу керек. Егер сүт болмаса, ыдыс-аяқты бұлақ суымен толтырып қоятын болған. Олар осы күні Жаңа жылдық дастарқанның сәнін келтіретін міндетті тағам – наурызкөже дайындайды. Наурыз мейрамының басты тағамы – наурызкөже.

Міне, осындай тарихы тереңде жатқан Ұлыстың Ұлы күні тайыншалықтар үшін ерекше күн болды. Тайынша жұртшылығы Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мейрамын жоғары деңгейде атап өтті. Салтанатты іс-шараны ашқан аудан әкімі Берік Әлжанов тайыншалықтарға жүрекжарды жылы лебізін арнап, жиналған көпшілікті өз-Наурызбен құттықтады. «Достық» алаңында қаз-қатар тігілген киіз үйлер мейрамға ерекше сән беріп тұрды. Гір көтеру, еркін күрес, арқан тарту сынды ұлттық ойындар мерекенің ерекше сәнін келтірді. Ұлттық ойындарға қатынасқандарға ерекше құрмет көрсетіліп, сый сыяпаттар жасалды. Спорт майталманы, тренер-жаттықтырушы С. Ағзамов еркін күрестен ойынға қатысушылардың әділ бағасын берді. Осы бағытта «Евразия банкi» акционерлік қоғамы ерекше белсенділік көрсетті, ұлттық ойындарға қатысушыларға марапаттар үлестірумен қатар,



өздері арнайы құрған отауларында көпшілікке дәм татырды және осы мерекенің сәнін келтірген қос қонжық, әсіресе, жас балалар үшін күтпеген қуаныш болды. Сонымен қатар, “Сырға салу”, “Тұсау кесу” сияқты салт-дәстүрлерімізге сай сахналанған көріністер тамшаланды. Сахна төрінде шырқалған ән мен күй мерекенің шырайын аша түсті. Мерекелік көріністері, ән-жырларымен көпшілікке ерекше көңіл – күй сылаған облыс орталығынан келген С. Мұқанов атындағы сазды-музыкалық театрының өнер адамдарына тайыншалықтар ерекше ризашылықтарын білдірді. Әсіресе, сол театрдың актер – әншісі, «Х-фактор» қазақстандық ән жобасының жеңімпазы-финалисі Сүндет Асан көпшіліктің есінде ерекше сақталары сөзсіз. Біздің тайыншалық өнерпаздарымыз да өз өнерлерін ортаға салудан аянған жоқ. Аудандық мәдениет Үйінің өнерпаздары В. Распопов, Б. Гусар, С. Жүсіпов және аудан көлеміндегі басқа да өнерпаздарымыз өздерінің әндерімен көпшілікке мерекелік шашу шашты.

Қаз-қатар тігілген киіз үйлерде түрлі дәмгетолы ақ дастарханнан жұртшылық дәм татып, наурыз көже ішіп, үлкендер ақ батасын беріп жатты. Кезектесіп алтыбақанда тербелген жастардың да қарасы көп болды. Осындай халықтық мерекені ұйымдастыруда қаладағы барлық еңбек ұжымдары, білім ошақтары ерекше белсенділік көрсетті. Біріне – бірі ұқсамайтын киіз үйлер, арнайы жасалған дастархан мәзірі, әр отауда тамшаланған салт-дәстүрлер мен шырқалған ән-жыр көпұлтты Тайынша ауданының бірлігі мен достығын, іскерлігін тағы да бір дәлелдеді.

Наурыз құтты болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныштықта өмір кешсін! Жыл басы қош келдің! Ұлыс оң болсын. Ақ мол болсын. Қайда барсаңыз да жолың болсын. Гүлге толып өңіріміз, көңілді өтсін өміріміз. Асқа толсын ақ дастархан. Ашық болсын қабағымыз!



Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

# НАУРЫЗ НАҚЫШТАРЫ



ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

**2023 жылдың II тоқсанында Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімімен, оның орынбасарларымен және аппарат басшысымен жеке тұлғаларды және заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдау**

**КЕСТЕСІ**

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның Т. А. Ә.	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефон
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ	Әлжанов Берік Ақылжанұлы	Аудан әкімі	әр айдың бірінші, үшінші сәрсенбісі 10.00-12.00 сағ	Тайынша қ. Қазақстан Конституциясы көшесі 197	2-16-65
	Әміренов Асан Амангелдіұлы	Аудан әкімінің орынбасары	әр айдың сәрсенбісі 10.00-13.00 сағ		2-27-47
	Дюсембин Еркебұлан Ерболұлы	Аудан әкімі орынбасары	әр айдың дүйсенбісі 10.00-13.00 сағ		2-29-81
	Бәтенова Гүлбаршын Қаһарманқызы	Аудан әкімінің орынбасары	әр айдың бейсенбісі 10.00-13.00 сағ		2-14-86
	Абұлғазина Бақыт Бегайқызы	Аудан әкімі аппаратының басшысы	айдың жұмасы 10.00-13.00 сағ		2-27-00

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ	Ищанов Қайырғелді Танатарұлы	Чермошняя ауылдық округінің әкімі	Сәрсембі, жұма 09.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чермошняя а.	38-4-60
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чкалов ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Сәдуақасов Сәкен Төкенұлы	Чкалов ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, жұма 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чкалово а.	70-2-75
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Яснополянский округі әкімінің аппараты» КММ	Темірбаев Ермұқан Нұрмұқанұлы	Яснополянский округінің әкімі	Сейсенбі, бейсенбі 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Ясная Поляна а.	73-3-94
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қаласы әкімінің аппараты» КММ	Шпаковский Валерий Анатольевич Бекенов Жасұлан Баймұратұлы	Тайынша қаласының әкімі Қала әкімінің орынбасары	Дүйсенбі, жұма 14.30-18.00 сағ Сейсенбі, бейсенбі 14.30-18.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қ. Центральный бұрылысы, 2	22-6-05 22-8-05

**Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы жергілікті атқарушы органдары басшыларының 2023 жылдың II тоқсанында жеке тұлғаларды және заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдау кестесі**

**Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Тайынша қаласы мен ауылдық округтердің әкімдерінің 2023 жылдың II тоқсанында жеке тұлғаларды және заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдау кестесі**

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә.	Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан орны	Байланыс телефоны
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Абай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Досмұқанов Бейбіт Сырымбетұлы	Абай ауылдық округінің әкімі	Сейсенбі, бейсенбі 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Қарағаш а.	76-7-85
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Алабота ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Жаныбаев Қажымхан Мерғазезұлы	Алабота ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сәрсенбі 09.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Аққудық а.	75-1-97
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Амандық ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Тасымов Нариман Қорқытбайұлы	Амандық ауылдық округінің әкімі	Сейсенбі, бейсенбі 16.00-18.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Амандық а.	43-6-68
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Жүсіпов Талғат Абзалұлы	Большеизюм ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, Сәрсенбі 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большой Изюм а.	32-5-25
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Донецк ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Кахабаев Мұрат Мұхамбетқалиұлы	Донецк ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сәрсенбі 09.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Донецкое а.	74-2-35
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Драгомиров ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Әжіғұлов Жұлдыз Асылбекұлы	Драгомиров ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі 10.00-13.00 сағ Жұма 09.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Драгомировка а.	55-3-33
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Зеленогай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Мұстаханов Нұрлан Сәрсенғалиұлы	Зеленогай ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сәрсенбі 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Зеленый Гай а.	77-3-73
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Келлер ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Ілиясов Досымжан Сұлтанбекұлы	Келлер ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сейсенбі 10.00-18.30 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Келлеровка а.	79-0-87
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Кирово ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Көпербаев Рыспек Әлібекұлы	Кирово ауылдық округінің әкімі	Сейсенбі, жұма 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Кирово а.	32-3-13
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Краснополянский округі әкімінің аппараты» КММ	Жомартов Талғат Базарбайұлы	Краснополянский округінің әкімі	Дүйсенбі, жұма 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Красная Поляна а.	54-2-17
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Летовочный округі әкімінің аппараты» КММ	Куровский Владимир Николаевич	Летовочный округінің әкімі	Сейсенбі, Бейсенбі 15.00-18.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Летовочное а.	52-3-10
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Мироновка ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Ысқақов Кемел Оралбайұлы	Мироновка ауылдық округінің әкімі	Сейсенбі, бейсенбі 10.00-12.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Мироновка а.	79-0-22
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Рошинск округі әкімінің аппараты» КММ	Ғалиев Абылайхан Файзурахманұлы	Рошинск округінің әкімі	Дүйсенбі, сәрсенбі 09.00-12.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Рошинское а.	53-7-48
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Теңдік ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Қасқұлақов Ержан Қайыржанұлы	Теңдік ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сәрсенбі 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Теңдік а.	42-0-01
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тихоокеан ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ	Бәкіров Ерлан Михашұлы	Тихоокеан ауылдық округінің әкімі	Дүйсенбі, сәрсенбі 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тихоокеанское а.	77-1-88

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә.	Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан орны	Байланыс телефоны
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» КММ	Хамзина Айгүл Ермекбайқызы	Бөлім басшысы	Бейсенбі 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы көшесі, 206	21-4-70
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ	Бура Андрей Николаевич	Бөлім басшысы	Жұма 10.00-13.00 сағ 14.30-16.30 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы көшесі, 206	22-1-85
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ	Поталова Маргарита Ильинична бос орын	Бөлім басшысының м.а. Бөлім басшысының орынбасары	Дүйсенбі, жұма 10.00-13.00 сағ Сейсенбі, бейсенбі 10.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы көшесі 203	21-0-22 79-0-47
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі» КММ	Голубь Наталья Викторовна	Бөлім басшысы	Дүйсенбі 10.00-13.00 сағ сәрсенбі 10.00-12.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Қазақстан Конституциясы көшесі, 206	23-4-18
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі» КММ	Сағындықова Гүлмира Бәкібайқызы	Бөлім басшысы	Дүйсенбі 14.00-18.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Пролетар көшесі, 193	23-7-94
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобильдік жолдар бөлімі» КММ	Руденко Дмитрий Владимирович	Бөлім басшысы	Бейсенбі 16.00-18.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Астана көшесі, 176	22-5-37
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» КММ	Сәрсембаев Бекболат Әкімбаевұлы Жәкенұлы Айнагүл Сағатқызы	Бөлім басшысы	Сейсенбі 09.00-13.00 сағ Сәрсенбі 14.00-18.00 сағ Сейсенбі 14.00-18.00 сағ Сәрсенбі 09.00-13.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы, Тайынша қ., Центральный бұрылысы, 2	23-5-09 21-6-43
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» КММ	Жұмабаева Асем Каирбековна	Бөлім басшысының м.а.	Сәрсенбі 10.00-18.00 сағ	Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша қ. Центральный бұрылысы, 2	73-0-43

**СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ:**

1. «СҚО Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ 22-9-81
2. «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» КММ 21-4-70
3. «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ 22-6-97
4. «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ 79-0-47
5. «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі» КММ 23-4-18
6. «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің дене тәрбиесі және спорт бөлімі» КММ 23-6-31
7. «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобильдік жолдар бөлімі» КММ 22-5-37
8. «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» КММ 23-5-09
9. «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» КММ 21-7-45
10. «Абай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 76-7-85
11. «Алабота ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 75-1-97
12. «Амандық ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 42-6-71
13. «Большеизюм ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 32-5-25
14. «Донецк ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 74-2-35
15. «Драгомиров ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 55-3-33
16. «Зеленогай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 77-3-73
17. «Келлер ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 51-2-03
18. «Кирово ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 32-1-48
19. «Краснополянский округі әкімінің аппараты» КММ 54-2-17
20. «Летовочное ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 52-3-10
21. «Мироновка ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 79-0-22
22. «Рошинск ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 53-7-48
23. «Теңдік ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 42-0-01
24. «Тихоокеан ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 77-1-18
25. «Чермошняя ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 38-4-60
26. «Чкалов ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ 70-2-75
27. «Яснополянский округі әкімінің аппараты» КММ 73-3-94
28. «Тайынша қаласы әкімінің аппараты» КММ 22-8-05

бұл телефондар арқылы мемлекеттік қызметкерлердің Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің Этика Кодексін бұзу және сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар жасау фактілері туралы хабарлауға болады. «СҚО Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ www.tsh.sko.gov.kz

Тайынша аудандық сайлау комиссиясының  
2023 жылғы наурыздағы № 44/01 қаулысына қосымша

## 2023 ЖЫЛҒЫ 19 НАУРЫЗДА ӨТКЕН ТАЙЫНША АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРДЫ САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

1. 2023 жылғы 19 наурызда Тайынша аудандық мәслихатының бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын депутаттарының сайлауы болып өтті. Сайлаушылардың тізімдеріне 28 819 азамат енгізілді. Дауыс беруге 15 136 сайлаушы қатысты, олардың ішінде есептен шығару куәліктері бойынша 35 сайлаушы дауыс берді, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс 701 сайлаушы дауыс берді. Кандидаттардың жалпы саны - 46. Тайынша аудандық аудандық мәслихатының бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша депутаттарының сайлаудың мынадай қорытындылары белгіленді:

### № 1 сайлау округі бойынша

Дулупов Ю. Р. үшін сайлаушылардың 190 дауысы берілді, Көпірбаева Г.С. үшін сайлаушылардың 299 дауысы берілді, Малиновский Д.Б. үшін сайлаушылардың 257 дауысы берілді, Роспаева Г.М. үшін сайлаушылардың 63 дауысы берілді «Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны - 104;

### № 2 сайлау округі бойынша

Бекшенов С.М. үшін сайлаушылардың 1867 дауысы берілді, Ханзадина А.Б. үшін сайлаушылардың 282 дауысы берілді, «Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны - 73;

### № 3 сайлау округі бойынша

Жәкенов Ж.К. үшін сайлаушылардың 127 дауысы берілді, Журавлёва Л.Н. үшін сайлаушылардың 1106 дауысы берілді, Мұсабеков Б.Б. үшін сайлаушылардың 279 дауысы берілді, Тараненко В.С. үшін сайлаушылардың 181 дауысы берілді, «Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны - 89;

### № 4 сайлау округі бойынша

Әбдірахманова А.Б. үшін сайлаушылардың 454 дауысы берілді, Латиф Б. үшін сайлаушылардың 87 дауысы берілді,

Маслов А.В. үшін сайлаушылардың 312 дауысы берілді, Тұрлыбаева З.А. үшін сайлаушылардың 34 дауысы берілді, «Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны - 87;

### № 5 сайлау округі бойынша

Нұрахмет А.С. үшін сайлаушылардың 450 дауысы берілді, Соколовская Н.В. үшін сайлаушылардың 212 дауысы берілді, Сущик Е.В. үшін сайлаушылардың 87 дауысы берілді, Хасенова Т.В. үшін сайлаушылардың 76 дауысы берілді, «Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны - 86;

### № 6 сайлау округі бойынша

Алмасбаев Т.Е. үшін сайлаушылардың 333 дауысы берілді, Сәдуақасова С.А. үшін сайлаушылардың 58 дауысы берілді, Тілек С. үшін сайлаушылардың 100 дауысы берілді, Хамзин М.Ж. үшін сайлаушылардың 288 дауысы берілді, «Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны - 38;

### № 7 сайлау округі бойынша

Аманов Е.Е. үшін сайлаушылардың 81 дауысы берілді, Джукалаев С.Р. үшін сайлаушылардың 423 дауысы берілді, Краевский В.В. үшін сайлаушылардың 54 дауысы берілді, Сарницкий А.Ф. үшін сайлаушылардың 462 дауысы берілді,

«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны - 46;

### № 8 сайлау округі бойынша

Звольский С.С. үшін сайлаушылардың 699 дауысы берілді, Кантаева А.Б. үшін сайлаушылардың 78 дауысы берілді, Рудницкий А.Ф. үшін сайлаушылардың 72 дауысы берілді, Тасмағанбетов Б.И. үшін сайлаушылардың 710 дауысы берілді, «Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны - 57;

### № 9 сайлау округі бойынша

Айтқожин А.Ж. үшін сайлаушылардың 156 дауысы берілді, Дүйсембаев Ж.А. үшін сайлаушылардың 322 дауысы берілді, Жәкенова С.Ф. үшін сайлаушылардың 157 дауысы берілді, Рсаева Б.Д. үшін сайлаушылардың 742 дауысы берілді, «Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны - 137;

### № 10 сайлау округі бойынша

Брайченко Н.В. үшін сайлаушылардың 341 дауысы берілді, Жақыпов Д.К. үшін сайлаушылардың 283 дауысы берілді, Ысқақова Д.Е. үшін сайлаушылардың 57 дауысы берілді, Назыкенова Б.С. үшін сайлаушылардың 63 дауысы берілді, «Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны - 36;

### № 11 сайлау округі бойынша

Грищенко В.В. үшін сайлаушылардың 63 дауысы берілді, Ищанова С.С. үшін сайлаушылардың 50 дауысы берілді, Красноголовый Ю.В. үшін сайлаушылардың 573 дауысы берілді, Маркасян В.А. үшін сайлаушылардың 252 дауысы берілді, «Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны - 56;

### № 12 сайлау округі бойынша

Баймұқанов К. К. үшін сайлаушылардың 95 дауысы берілді, Долгалева Д.В. үшін сайлаушылардың 1014 дауысы берілді, Егімбаев Р.Е. үшін сайлаушылардың 275 дауысы берілді, Мұхамеджанов Е.Д. үшін сайлаушылардың 48 дауысы берілді, «Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны - 62;

2. Тайынша аудандық мәслихаттың бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша депутаттарының сайлауының қорытындысы бойынша сайланды:

№1 сайлау округі бойынша – Көпірбаева Гүлдана Серікқызы, 1991 туған жылы, Тайынша көп бейінді ауданаралық ауруханасы, терапевт дәрігері, Тайынша қ.;

№2 сайлау округі бойынша – Бекшенов Сәрсенбай Мұратұлы, 1965 туған жылы, уақытша жұмыссыз, Зеленый Гай а.;

№3 сайлау округі бойынша – Журавлёва Людмила Николаевна, 1975 туған жылы, Тайынша әлеуметтік қызмет көрсету орталығы, директор, Тайынша қ.;

№4 сайлау округі бойынша – Әбдірахманова Айгүл Багдатқызы, 1976 туған жылы, «Зим Экспорт» ЖШС, директор, Тайынша қ.;

№5 сайлау округі бойынша – Нұрахмет Алмас Жолдасұлы, 1993 туған жылы, «Тайынша ауданы кәсіпкер Палатасы, директор, Тайынша қ.;

№6 сайлау округі бойынша – Алмасбаев Төрехан Ермаханұлы, 1970 туған жылы, «Тиолаин» ЖШС, директордың орынбасары, Обуховка а.;

№7 сайлау округі бойынша – Сарницкий Анатолий Францевич, 1974 туған жылы, «Gck-Tajynsha Astyk» ЖШС, директор, Обуховка а.;

№8 сайлау округі бойынша – Тасмағанбетов Бауыржан Иманбайұлы, 1982 туған жылы, «Агрофирма Эксимнан» ЖШС, бас директоры, Петровка а.;

№9 сайлау округі бойынша – Рсаева Динара Мәлікқызы, 1979 туған жылы, Алабота орта мектебі» КММ, тәрбие мәселелері бойынша директордың орынбасары, Аққұдық а.;

№10 сайлау округі бойынша – Брайченко Николай Викторович, 1986 туған жылы, «Обуховский ГОК» ЖШС жүргізуші, Аққұдық а.;

№11 сайлау округі бойынша – Красноголовый Юрий Васильевич, 1976 туған жылы, «Зеленые луга» ЖШС директор, Тайынша қ.;

№12 сайлау округі бойынша – Долгалева Данил Викторович, 1991 туған жылы, «Обуховский ГОК» ЖШС директор, Көкшетау қаласы.

Тайынша аудандық сайлау комиссиясы

Сайлау-2023 материалдары Республикалық бюджеттен төленді.

Меншік иесі: «Тайынша таңы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып,  
мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу  
жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -  
Бас редактор  
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп,  
№10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.»  
ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы,  
Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 98. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы,  
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.  
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:

8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері  
редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба  
қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап  
жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен  
материалдардың мазмұны мен мәтініне  
хабарлама беруші автор өзі жауапты.